

Қазақстан Республикасының авиакомпаниялары мен әуежайларын авиаотынымен қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 15 тамыз N 1264

Авиаотынымен қамтамасыз етуде қалыптасқан күрделі жағдайға байланысты және республиканың авиакомпаниялары мен әуежайларына көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің

бөлуіне сәйкес төлемді кейінге қалдырып, төлем жасалады деген шартпен 10 мың тонна көлеміндегі авиаотынын мемлекеттік резервтен жаңалау тәртібімен жіберуді;

2000 жылдың төртінші тоқсанында жоғарыда көрсетілген авиаотыны көлемімен мемлекеттік резервті толықтыруды қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.К. Ахметовке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.